

**"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне экологиялық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 970 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне экологиялық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне экологиялық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 368-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

2) 370-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "екі" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "үш" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "үш" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "жиырма" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 372-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жетпіс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу,

ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

4) 380-баптың екінші абзацындағы "екі" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 380-1-баппен толықтырылсын:

"380-1-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

381-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға және жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

387-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

388-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

709-бап:

бірінші бөліктегі "380," деген цифрлардан кейін "380-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасындағы "380," деген цифрлардан кейін "380-1," деген цифрлармен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК